

Е. ЖАҚЫПБЕКОВ МӘТІНДЕРІНІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.С. Әділова

Академик Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ

Көркем мәтін басқалардан мейлінше бөлек пішімімен, тілімен айрықшаланады. Ол тек тіл жүйесінің түрлі деңгейлеріндегі бірліктердің ұйымдасуы негізінде пайда болатын жай ғана күрделі тілдік бірлік емес, өнер туындысы, яғни сөз, сөйлем, күрделі синтаксистік тұтастық ерекше байланыстары, бір-бірін дамытуы, бір-бірімен іліктесе келуі нәтижесінде қалыптағы мағынасынан өзгеше, жаңа мән, әсер тудыратын эстетикалық құрылым.

«Поэзия адам сезімін тура айтуды да, тұспалдауды да, қарапайым түсінікке лайық ұғынықты өрнектеуді де, сипаттап жеткізуі қиын күрделі мегзеу, шарттылықты да кеңінен пайдаланады. Бәрі де өмір күрделілігін: оны ешқашан да танып біту мүмкін еместігін, оның шексіздігін ескеруден тұрады» [1:15].

Көркем мәтін, оның ішінде поэзия мәтіні біртұтас құрылым ретінде көркем коммуникация барысында тіл жүйесінің өзгеріске түскен негізгі бөліктерінен тұрады, сондықтан да шынайы поэзия тілі тілдік сананың ең жоғары формасы десе де болады, яғни зерттеуші М.М. Бахтин айтқандай: «поэзия выжимает все соки из языка, и язык превосходит здесь самого себя» [2]. Поэзия мәтіні сөздердің барлық мағынасы, бояуы, басқа сөздермен байланысы, кумулятивтік қасиеті, ассоциативті өрісіндегі сөздердің семантикасына сүйенуі, вертикал мәнмәтінді аңғартуы арқылы тілдік бірліктің мүлдем жаңа мәнге ие болуын, тіпті кейде негізгі мағынасына қарама-қарсы мәнде қолданылуын байқатады, оның себебі өлең мәтіні ұлттық, әлемдік мәдени-әдеби парадигманың бір құраушысы ретінде тілдік тұлғаның негізгі қасиеттері, күзіреттілігі және қабілетін ғана емес, одан тыс сыртқы – мәдени, эстетикалық, рухани қуатты да қамтиды, яғни поэзияда берілген ойдан оқырманның алары әлдеқайда көп.

Поэзия мәтінінде сөз ерекше орын алады. Сөз – тіл жүйесінің, сөйлеудің басты, орталық, негізгі таңбасы, мәтіндегі ирреалды болмысты суреттей отырып, екіжақты қызмет атқарады: автордың, кейіпкердің сезімі, ойы, құндылықтары, ұстанымдарын, танымын көрсетеді, оны бағалауға мүмкіндік береді және оқырманның аса күрделі рухани бітім-болмысын қалыптастырады.

«Өлең тіліне пайдаланылған сөздер ең алдымен образды дәл беретін және оқырман сезіміне әсер ететін болуы керек. Бұл аян нәрсе. Бірақ сол әсерлілік, образдылық үшін де жеке сөздердің өз бойындағы мағынасы, экспрессивтік бояуымен қатар, олардан тыс өзге де шарттар да қажет.

Сөйлеу тәжірибесінде, әсіресе көркем әдебиетте сөздер тек бір нәрсені (затты, сынды, қимылды) атап қана қою қызметін атқармайды. Демек, сөздің

белгілі бір мақсатты өтеуі үшін контексте оның өзге де сөздерге иек артуы, яғни бір-бірлеріне «қызмет көрсетулері» керек...» [3:64].

Кез келген қаламгер (ақын немесе жазушы) белгілі бір қоғам мүшесі, сондықтан ол өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі түрлі әлеуметтік, саяси, рухани тәжірибені ой елегінен өткізіп, баға береді, түйсінуін өз оқырманына жеткізеді, яғни құндылықтар жүйесін өзіне, айналасындағы басқа адамдарға, қоғамға немесе қоршаған ортаға көзқарасы арқылы анықтайды. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық элитарлық тұлға ретінде санауға болатын ақын Есенқұл Жақыпбековтің өлеңдерінде адамның жан дүниесі, «өресі тар, өзі кең» заманда өзгеріске түскен жалпыадамзаттық құндылықтар, ұлт менталитетіндегі қайшылықтар сипатталады.

Ю.Н. Караулов тілдік тұлға құрылымының үш деңгейден тұратынын айтады: а) вербалды-грамматикалық; ә) когнитивтік; б) прагматикалық. Ғалымның пікірінше: «Бұл деңгейлердің әрқайсысы өз бірліктерінің жиынтығымен сипатталады, олар тіл үйрену кезінде қолданылатын барлық бірліктерді қамтиды да, аталған деңгейлердің ерекшелігіне сәйкес бөлініп отырады» [4:672]. Аталған «деңгейлердің дамуының белгілі тілдік тұлғада көрініс табуы әр түрлі дәрежеде өрістеп, түрлі сипатта көрінеді. Оның шығармашылық танымдық мазмұны дүниетанымдық, мәдени құндылықтар жүйесінен тұрады. Сондықтан тілдік тұлғаны алдымен ұлттық тілдік тұлға деп түсінеміз. Себебі тілдік тұлға табиғаты ұлттық мәдени сатысымен тікелей байланысты» [5:281-284]. Ал халық лексикасын, ұлттық тіл құралдарын шығармашылықпен қолданатын ақын-жазушыларды ғалым Н. Уәли ұлттық элитарлық мәдени-тілдік типке жатқызады [6:15].

Ұлттық тілдің лексика-грамматикалық заңдылықтарын меңгеріп, қолдана білуді, әдеби тіл нормаларын ұстануды қамтитын вербалды-семантикалық деңгей тілдік тұлғаға ана тілінде ойлап, сөйлеп, өз ойын түсінікті жеткізе алуға мүмкіндік береді. Осы орайда Е. Жақыпбеков тілдік тұлғасының вербалды-семантикалық деңгейіндегі ерекшеліктеріне назар аударған дұрыс.

Ақын өлеңдерінің лексикасы жалпы халықтық тілдік бірліктерден тұрады, онда эмоционалды, экспрессивті сипаты бірден байқалатын сөздер аз. Алайда олар бір-бірімен ерекше контекстік байланыстарға түсіп, әрқайсысы өзі тіркесіп тұрған немесе қатар тұрған сөздердің мағыналық ауқымын өзгерту, кеңейту арқылы оқырманын ойландырап мәтін түзуге қызмет етеді. Мәселен, *Дауылдармен арпалысып дауылдар, Тау толқындар өзін-өзі ауырлар, Жауын соңы болып кетер қалың қар. Сені іздеймін соқтығысып шеңбермен, Сол азапты сезбейсің-ау мен көрген* деген жолдардағы дауылдар омографы мен шеңбер сөздері жеке тұрғанда бейтарап бояулы екені белгілі, ал мына контексте олар эмоционалды бояуы айқын, метафораға айналған, оған себеп – оларды қоршап тұрған сөздік орта.

Қаламгер тілінде мағынасы көмескі немесе түсініксіз сөздер аз. Алайда басқа тілдерден енген кірме сөздер (басқа функционалдық стиль бірліктері) мен бейнорма элементтер аздап болса да кездеседі. Ақын өлеңдерінің вербалды қабатындағы кірме сөздер ретінде *саркофаг, айсберг, сирена,*

театр, мумио, рельс, көзірлер, тұз, шине сөздері мен жергілікті тіл бірліктері *сетердей, мөндім, қың* сөздерін, *шатыр, жаңа, бомж* жаргондарын атауға болады.

Кірме сөздердің барлығы мәтінде өздерінің номинативтік қызметімен қатар өзге де мәнде қолданылып, мағынасын кеңейту арқылы экспрессивті қызмет атқарып тұр. Мәселен, «Біздің жақта» деп аталатын өлеңде «сирена» сөзі өз мағынасында қолданылса, «театр», «мумио» адамның эмоционалды, психологиялық жай-күйін бейнелейді, яғни ақын үшін «өлең қуған, жыр қуған» достарының көңілі театр болса, мумиомен уақытын өткізіп алып, бақытқа қолы жетпеген қимас құрбыны метафоралайды. Карта ойынында қолданылатын *көзір, тұз* сөздері ауыспалы мағынада жағдайы, билігі бар, заман ағымымен жаны да, сөзі де қасаң тартқан достар дегенді білдірсе, екінші бір өлеңінде *көзір* азаматтығы елге белгілі, ісімен де, тілімен де ел көзіне түсіп жүрген адамдарды атайды. Алайда олардың *нағыз* субстантивімен, эмоционалды бояуы жоғары *пырақ* поэтизмімен, жағымды коннотациясы айқын *сөзінен жұпар есу, көмейіне әтір жағу* сияқты сөз тіркестерімен сипатталған тұлғамен теңесе алмайтынын бейтарап бояулы көшірме лексемасымен айрықша әсерлі жеткізген.

Е. Жақыпбековтің шығармашылығында әдеби тіл нормасына сәйкеспейтін *бомж* қарапайым сөзі мен *шатыр, жаңа* жаргондары да экспрессивті қызмет атқарып тұр.

Ақын өзі *сыйлы ағалар* деп сарказммен атаған адамдарды шекпен, шапан ел-жұрттан жинағандар, Елбасына күн туса – сайдағылар, Жер бетінің жемтігін пайда қылар, Бір дауылдан қалмайтын, Бір от түссе лаулайтын қуыс қурай деп нақтылай отырып, *шатыр* жаргон сөзімен жалпылайды, яғни бұқара халықтың қабылдауында қазіргі қоғамдағы билік пен қылмыс әлемінің бір-бірімен кірігіп кеткенін көркем, әсерлі, дәл береді.

Осы ойды одан әрі айқындап, оған өзінің көзқарасын айқын білдірген тағы бір өлең – «Бір мырзаның тойында». Постсоветтік кезеңде орыс тіліне енген «новые» сөзі өзінің номинативтік қызметінен айрылып, екінші аталымға айналғаны белгілі. Қоғам, идеология, экономика салаларындағы өзгерістердің нәтижесінде бұрыннан қалыптасқан ұлттық мінез-құлықтың, моральдік-этикалық нормалардың, психологиялық жай-күйдің, меншік түрлерінің өзгеруі айналада жаңа адамдардың пайда болуына әкелді. Ол жаңалық жалпыадамзаттық құндылықтармен мүлдем қабыспағандықтан және әлеуметтік ортада наразылық тудырғандықтан, бастапқыда тек жағымсыз тұрғыда қабылданды, ал осы өзгерістерді бойына жинақтаған адамды халық мысқылдап, «жана» сөзімен атай бастады. Негізінде, «жаңа қазақ» тіркесі түрінде қолданылатын бұл бірлікті ақын қысқартып, субстантивті сөзге айналдырып, жалпылаушы мәнде қолданған: Бауырлар-ай, бауырмал? Бауырларын құрт жеген... Қаны жоқ қаңылтыр аналар, Жаны жоқ жап-жалтыр балалар, Жиналды бір тойға «*жаңалар*». Кебеже кең құрсак батпандар, Әйелін басқаға сатқандар...

Амалсыз араласуға мәжбүр ортадағы сан алуан жамандықты тек қана жағымсыз бояуы айқын сөздер мен сөз тіркестерін шоғырлап беру арқылы

өзі куә боп отырған тойға өзінің де субъективті көзқарасын ашық көрсеткен, яғни мәтін модальділігі оқырманның жиіркеніш сезімін тудырады.

«Саурық батырдың ажалы» өлеңіндегі «сетердей» сөзін контекст бойынша тұлпар, жүйрік деген мағына беретінін шамалауға болады. Ақын тілінде кездескен сетер лексемасы диалектологиялық сөздікте [7:586] үш мағынада қолданылатыны көрсетілген: 1. жазудың жолы (Түркия қазақтары); 2. малға көк не ақ шүберек байлап, ардақтау, мінбеу, соймау ырымы; 3. айрықша қастерлейтін, қадірлі, аяулы мал. Соңғы екі мағынасында бұл сөзді Монғолия қазақтары жұмсайтыны байқалады. Сонда ақын Саурық батырдың атын бағалап, сипаттағанда осы сөздің соңғы мағынасын пайдаланған. Шығу төркіні көрсетілмесе де, бұл сөз ертеден бері қолданыста бар екенін Жетісу өңірінен шыққан Ж. Жұмырбаевтың өлеңінде ұшырасатыны да аңғартады (...жиренім менің Кермеде тұрды қалмақтың Бурханы мінген, *Сетері* құсап, көзге ілмей жердегі майда Ит пенен құсты. Қайтейін, көрмедің, Ләйлә) және оның осы сөзге берген «Сетер – қалмақтардың құдайы – Бурхан мінеді деп, үстіне шыбын қондырмай, құр ұстайтын ат» [8:183] деген түсініктемесінен қалмақ тіліне тән екені байқалады.

Мағынасы көмескі болғанмен, контекст арқылы түсінуге, түсіндіруге болатын тағы бір сөз – *мөндім*. Мәрмәрдан соққан ақшалар, Кінәлі, *мөндім* кейіпте, Аласа кейбір бейіттер Сияқты сәнді мазардың Қасынан қалмас оққағар шумағында *бейшара* деген мән берсе, *Мөндім де мөндім*, көндім де көндім бәріне, Бақыттың маған жоғы не енді, бары не? деген жолда тек ұйқас үшін алынған сияқты әсер қалдырады. Алайда бұл сөздің *мөнді (бас)* түріндегі тіркесі Қытай қазақтарының тілінде *кеще, тоғышар* [7:516] деген мағынада қолданылады. Ал «тоғышар» лексикографиялық деректерде ұсақ-түйекпен айналысу, дүниені қызықтау деген мағынаны беретінін ескерсек, ақын контекстінде ауыспалы мағынаға ие болып, ақындық болмысын өзгерткен деген мәнде жұмсалған тәрізді.

Ақын лексиконында этно-мәдени лексика уәжді түрде, яғни өзінің субъективті көзқарасын көрсету үшін жұмсалған. Мұндай тілдік бірліктердің қатарында *тәубасына келтіру, некелі жанмен азару, тұмар, көзайым болу, асығы алышы, айы солынан туу, күні оңынан туу, қан шығармай арам өлу* сияқты сөз тіркестерін атауға болады.

Сонымен қатар қаламгер түрлі синкретті және оксюморон типті тіркестерді де уәжді пайдаланады, мәселен, *тағдырдың жалауы, шыбын ой, жігіт үміт, күнәсі адал періште, өресі тар, өзі кең заман, мақтамен сою, намыс қайнату, зорлықпенен сыйлату, жаныңның жапырағы, сөздердің қатқағы, тас өкпе, іштей серуендеу, жамандықтың жасағы, заңды ақын, жанды жас, ащы бал, қаңылтыр аналар, жаны жоқ жап-жалтыр балалар, гүлдер қашып шықты, тарихтың майлы сорпасы, қаймақтай мұңсыздық, бұлттардың етегі, үндемей ұрсу, іштен арыз айту, алыстан түсіну* сияқты тіркестер сонылығымен оқырман назарына бірден ілігеді.

Ақынның вербалдық-семантикалық деңгейі оны тілдік тұлға ретінде толық тануға, танытуға мүмкіндік жасай алмайды, өйткені тілдік

элементтерді таңдауы барысындағы танымдық қызметі мен сол таңдауды жасауға негіз болған уәж ескерілмей қалады, сондықтан ақынның тілдік құрылымының үш деңгейін бірлікте қарастыру қажет.

Е. Жақыпбековтің өлең мәтіндерінде көрініс табатын түрлі концептілер оның тілдік тұлғасының лингвокогнитивтік деңгейін танытады. Ақынның өзіндік дүниетанымын көрсететін концептілердің қатарында «өмір», «ақындық» концептілері басым түседі. Концепт адамтанумен айналысатын басқа ғылым салаларында қолданылатын әр алуан ментальдік бірліктерге қарағанда құндылық элементтерге айрықша назар аударады, себебі ондағы ұғымға денотативтік, коннотативтік компоненттер, ассоциативтік байланыстармен туындайтын басқа да семалар үстемеленеді.

Зерттеуші Б. Нұрдәулетова жыраулар тілінде өзектенген түрлі концептілерді жүйелей келіп, ақындықты «қазақ халқының концептуалдық дүние танымындағы базалық концепт» деп есептейді де, ақындық болмысты жыраулық болмысқа қатысты қарастырады, яғни «Ақындық болмыстың ерекшелігі – жыраулық дәстүрдің, жалпы жыраулық қабілеттің, жыршылық дарынның бөлекше бітімімен түсіндіріледі» [9]. Ақындық, ақынның сөзі, ақын сөзінің қуаты (энергиясы) туралы зерттеушілердің де, шығармашылық тұлғалардың өздерінің де сан алуан анықтамасы бар екені белгілі [10]. Ақындық болмыс - ұлттық элитарлық тілдік тұлғаның өзіндік, адамзаттық ішкі үнін көпке, бұқараға жеткізу құралы. Ол халқының, өз жерінің, тіпті әлемнің бітім-болмысын, тыныс-тіршілігін, тарихын өлең арқылы көрсете отырып, бағалай отырып, өзіне деген субъективті пікірін де аңғартып отырады, яғни ақын сөзінде «өзі» және «өзге» бинарлық оппозициясы арқылы қоршаған ортаны сезіммен қабылдауы және тануы, ондағы адамдардың өзіне ұқсастығы мен айырмашылығы, ұстанымдарының бірлігі мен бөлектігі көрініп отырады. Осы тұрғыдан келгенде Е. Жақыпбеков поэзиясындағы ақындық концептісінде коннотация оның «өзіне» қатысты былай беріледі: *Ақын қазір жарты ақымақ, жарты сау; Ішің адал, айуанша өмір сүресің, Жаның таза. Ал өмірің көргенсіз. Адамдардың айтқанымен жүресің, Өйткені ақын жәндіктен де дәрменсіз. Жазар кезде Жаны құсқа айналып, Жаратқанға барып қайтып жүреді; Бұл ақындық аспанменен байланыс; Бұл ақындық пайдалы емес, зиянды іс; Бұл ақындық бұлдыраған қиял құс; Айта алмай жүрген шыным көп, Көңілде содан тыным жоқ. Неге айта алмайсың дейтұғын, Жанымды жатыр шыбын жеп; Ашып айтқан әділін, ақ-қарасын ақын; Сөз киесі бар адам; қырғи; пырақ, Таңдайынан тамып түсер тасқа өлең, Сүлейлерден өнеге алған жас пері; Ақынымын аядай ауылымның, Жер шарының кәдімгі тұрғынымын. Әлем мұңын өзімнің дертім еттім, Өлең-жырын өлкемнің еншілеппін. Перзентімін Жетісу – туған жердің, Ақынымын бар құрлық, континенттің; Ақын деген ақ сәби ғой өтетін, Өмір-бақи құшағыңнан шығармай. Байқалып отырғанындай, ақын болмысы жағымды бағалауыштық бояуы ашық сөздермен берілген және ауылы мен жаһанды қатар қою арқылы өзін дара да, көпке ортақ та құбылыс ретінде танытады. Осы орайда қаламгердің ақындық болмыс туралы танымы Т. Айбергеновтің атақты кредосын еске түсіретінін айта кеткен дұрыс.*

Ақынның «өзін» құраушы бір компонент – «сөз», «өлең» туралы танымы және оған қатысы. Е. Жақыпбековтің поэзиясында бұл ұғымдар *құрғақ сөз; көңілімнің әдемі ырғақтары; жыр құйын; өлең тасқа таңдайдан тамып түсер; өмірлік алданыш; жалғанның да жалғаны; жыр жан дауа, жан дауыс; сұлулыққа таңғалыс; алдағышым; өлмейтұғын өмірдің аруағы; жасырынған кеудеме жолбарысым* түрінде вербалданған. Эмоционалдық бояуы, экспрессивтілігі, коннотативтілігі әр алуан, түрлі лексика-семантикалық тақырыпқа, ассоциативті өріске кіретін тілдік бірліктер ақын жанының психологиялық жай-күйін, сөз өнерін тануын көрсетеді.

Қаламгердің «өзгелерді» бағалауы нәтижесінде ақындық «өзі» де өзгеріске түсіп, ол жай адамға айналғанын көрсетеді: *Жаны адалдар* ешкімге болмаған күл; дем жұтқызбай, Алдымда ауа сатып *оңбаған* жүр; Алқынып ауа жетпей қалмау үшін, Арзанға алданады ар-намысың; Білгенімді істер болсам ұнаған, Бүгінгідей болмас едім *кір адам*; Ерте иіскеп білетұғын бар бәлені, Бұл күнде мына біз де *сұм* болғанбыз; Бәрін қойып, бәрін көріп заманнан Әркім бүгін өзіне өзі қамалған; Маңдайы тар маңындағы мәңгүртті *Мас* қылады топас мақтау, өлі жыр; *жан баққан ит өмір*. Бұл орайда «Біздікілер», «Е, бауыр», «Өзіміз» өлеңдерінде «өзі» мен «өзге» айқын қайшылықта.

Сол сияқты «өмір» концептісі арқылы ақын өзін, өзінің айналасындағы өзгелерді, қоғамды бағалайды, мысалы: *«Өмір» деген рельс; адамды адам жеп бітетін ақырын, пенделіктің жасырын соғысы; мешкейлердің заманы; дүрілдеп ағып дүние деген дария; құм тірлік; адамның адамдығы жоғалған тіршілік; өмір мәңгі амал-айла; тамаша заман; жан баққан ит өмір; қажытады өзгені де, өзін де өмір деген көпті көрген кәрі қыз; бетпақ өмір; өмір-өзен; өр жігітті аздырар өмір*. Байқалып отырғандай, ақынның айналасын қабылдауы көбінесе жағымсыз коннотацияға негізделген.

Ақын дискурсындағы айрықша энергияға ие концептінің бірі – «махаббат» концептісі. Зерттеуші Ж.Б. Ермекованың М. Жұмабаев «танымындағы махаббат бар дүние болмысына, барша адамзат баласына деген сүйіспеншілік. Ақын нені жырласа да, ғашықтықпен жырлайды. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты бейнелеу туған табиғатқа, жер-анаға, өз ұлтына, елінің тағдырына деген сүйіспеншілігімен ажырамастай байланыста» [11] деген пікірін Е. Жақыпбековке қатысты да айтуға болады.

Тілдік тұлға құрылымының соңғы деңгейі – прагматикалық деңгей: «Тілді тұтынушының интенциясы мен мақсаттарын, оның өмірдегі белсенді позициясын және, тиісінше, оның әлем бейнесінің динамикасын көрсететін прагматикалық деңгей бірліктерінің жиынтығына пресуппозиция, дейксис, рефлексия элементтері, баға, «ұйытқы сөздер», прецедентті мәтіндер, аргументация тәсілдері, «сценарийлер», жоспарлар, сондай-ақ өзін-өзі көрсету бағдары жатады (программы поведения)» [4:672].

Е. Жақыпбековтің өлеңдерінде мәтінаралық байланыстарға түрлі прецедентті құбылыстар негіз болған, яғни претекст ретінде прецедентті мәтіндер (Абай мен Жамбылдың, Мұқағалидың туындылары, қазақ және шығыс ертегілері) қолданылған. Бұл реминисценциялар өзгені, өзін бағалау

үшін, прецедентті жағдайды сипаттау үшін еш өзгеріссіз де, өзгертіліп те, атрибутивті түрде де, авторы көрсетілмей де жұмсалып, мәтін семантикасын толықтыруға, кеңейтуге, байытуға қызмет етіп отыр: *Кірген із бар үйіңе, Шыққан із жоқ пәк қарда. «Осылай да осылай...»* Мен жоқ жерде сенің де, Ерте ағарған шашың-ай..; Алысып шаршай-шаршай *«мыңмен жалғыз»* Бұл күнде амалсыздан жым болғанбыз. Құмырам қолында ойнап нелер жаман. *Құмырамды* бір сипап қойса болды, Желпілдеп жетіп келер *жын* болғанбыз; Таңдайынан тамып түсер тасқа өлең, Сүлейлерден өнеге алған жас пері ем. Текті сөздің бір тарауын айтайын, *Тыңда, далам! Тыңда, Қастек, Қаскелең!* Амалсыздан Абай атаң айтқандай, *«Қолдан достық»* жасап алып жүргенің.

Ақынның «Шыншыл ертегі туралы» және «Жәмилаға» деген өлеңдерінде *наубайшының баласы* интертекстімен бір-біріне кереғар екі адам сипатталады. Екі мәтінде де «Аяз би» ертегісіндегі ханның бейнесіне мәтінаралық сілтеме жасалған. Адамның сөз саптасы мен мінез-құлқы, өзін-өзі ұстауынан-ақ оның текті атадан тарағанын немесе кейінде ғана лауазымға қол жеткізгенін аңғаруға болатынын еске салады, яғни «хандардың ішер асы – жал мен жая аузына түспей, нан, көже түсіп, келген адамды аспазға жіберген, салтына тартқан, шонжарлы, атаулы хан емес екені» байқалатын жандардың ешқашан қалың жұртшылықты шын билеуші бола алмайтынын көрсетеді. Ал жаны таза, қалың елді өлеңімен жаулап алған ақын өзін одан жоғары қояды: Әлі бар шын ертегі елес күнім, Әлі бар аралайтын белес қырым, Бұл күнде Есенқұлдың ел айтады, (Белдерді орай соққан жел айтады) *«Баласы наубайшының»* еместігін.

Дәл осы образды қолында билігі бар, тектілігі де байқалатын азаматтардың қазақ аруының алдында мысы құрыған дәрменсіз қалпын сипаттау үшін қолданған. Оны осы өлең мәтініндегі контекст нақтылай түскен: Тектілігін, бектілігін ар қылмай, Сені көрсе ұшып-қонып отырсын, Текті де емес, *наубайшының баласы* Екендігін енді сезіп өкінсін. Бұл образ әлемдік ертегілер фольклорында В.Я. Пропп [12; 13] пен Е.М. Мелетинский [14] көрсеткен «жалған жағымды кейіпкер» архетипіне жатқызылатынын айта кеткен жөн, яғни өлеңнің семантикасы мәтінаралық байланыс арқылы одан әрі толыға, байи, кеңейе түскен.

Мысалға алынған интертекстер ақын мәтіндерінде сілтемелік, мәтін түзушілік, бағалаушылық, айшықтаушы қызмет атқарып тұрғаны байқалады.

Қорыта айтқанда, Е. Жақыпбековті халқымыздың сөз өнерін еркін, шығармашылықпен меңгерген, көркем әдебиетін өзіндік концептуалды ойларымен, танымымен, соны сөзқолданысымен байытқан ұлттық элитарлық тілдік тұлға ретінде бағалай аламыз.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Мәшһүр-Жүсіп Қ. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2007. – 442 б.
2. Бахтин М.М. Из записей 1970-1971 годов // Эстетика словесного творчества. 2-ое изд. – М., 1986.

3. Сыздық Р. Абай және поэзия тілі // Ғылыми таным үзіктері. Т. 1. – Алматы: Кие, 2009.
4. Караулов Ю.Н. Языковая личность // Русский язык: Энциклопедия. – М., 1986.
5. Манкеева Ж. Абайдың шығармалары тілін «тілдік тұлға» тұрғысынан зерттеу мәселелері // Қазақ филологиясы: егіз негіз. - Алматы: Арыс, 2010.
6. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт.... дисс. – Алматы, 2007. – 357 б.
7. Диалектологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007.
8. Жақыпбаев Ж. Ләйла. – Алматы: Атамұра, 2002.
9. Б. Нұрдәулетова. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі: филол. ғыл. докт.... дисс. – Алматы, 2008.
10. Казарин Ю.В. Филологический анализ поэтического текста. - М.. Академический проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2004.
11. Ермекова Ж.Б. Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2010 - Б. 19.
12. Пропп В.Я. Исторические корни волшебной сказки. - М.: Лабиринт, 2000. - 336 с.
13. Пропп В.Я. Морфология сказки. - М.: Лабиринт, 2001. - 192 с.
14. Мелетинский Е.М. Герой волшебной сказки: Происхождение образа. - М.-СПб.: Академия исследований культуры, Традиция, 2005. - 240 с.